



АЛҒАШҚЫ ТӨРАҒА, ХАТШЫ, ДИРЕКТОР

9 мамыр Женіс күніне орай елін, жерін, халқының болашағын, ұрпақтың келешегін неміс басқыншыларынан ерлікпен қорғаған көптеген қазақ азаматтарының бірі әкеміз Бәшір Шметов туралы айқым келеді.

Ол 1942 жылы мектеп қабырғасынан армия қатарына алынып, Воронеж, Прибалтика майдандарында жанқиярлық ерлік көрсетеді, үш рет ауыр жараланды. Майданда командирлік курсты бітіреді, аға лейтенант атағын алады. 1943 жылдың 17-18 желтоқсанында маңызы зор биіктік үшін шайқаста шабуылға шыққан біздің әсерге саны жағынан бірнеше есе көп қарсыластары контршабуылға шығады, осы кезде Бәшір Шметов өзінің взводоммен қарсыластарының шабуылын тоқтатып кері қайтарады, жеке өз басы қолма-қол шайқаста 5 фашисті құрталды, карамағындағы солдаттарға үлгі көрсетеді, осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталған.

1944-1947 жылдары Литваның Шауляй қаласында неміс басқыншыларының қалдықтарымен күресу үшін әскери қызметте болған.

Елге оралғаннан кейін Бәшір мал шаруашылығы өнімдерін дайындайтын және ақша бөлімі мекемелерінде қызмет істейді. Ол іске жауапкершілікпен, ұқыптылықпен және жинақы қараудың үлгілерін көрсете бастайды.

1951 жылы аудандық партия комитеті Бәшір Шметовты нұсқаушы, ал 1953 жылы партия, кәсіподақ, комсомол бөлім менгерушілігіне жоғарылатады. Ол кезде жыл сайын өтетін партия конференцияларын, пленумдарды және актив жиналыстарын дайындауда Бәшір Шметов ерекше көзге түсті. Қарларды іріктеп, орналастыру жөніндегі ұсыныстары жұртқа мәлім.

1953 жылдан бастап ауылшаруашылығын дамытуға жедел көңіл бөліне бастады. Қыркүйекте болған Орталық партия комитетінің пленумы бұған толық

дәлел. Тың жыне тыңайған жерлерді игеруге байланысты өткен пленумда партия өзінің құрылымдарына елеулі өзгерістер енгізгені белгілі. Сол жылдары аудандық партия комитетінің аймақтық хатшылары мен нұсқаушылар тобы құрылды. 1-Май МТС-на қарайтын аймақтардағы колхоздар мен ауылдық кеңестерге басшылық жасау үшін Бәшір Шметов алғашқы өңірлік хатшы болып сайланды.

Бұл жұмыстарда Бәшір Шметов зор ұйымдастырушылық қабілет танытты. 1-Май МТС-на қарасты А.Иманов, Абай, Калинин, Жанкелдин, Киров атындағы колхоздардың экономикасының алға басына, олардың миллионерлер дәрежесіне көтерілуіне үлкен көмек көрсетті. Бұл 1957 жылдары болатын. Т.Бодамбаевтың басшылығымен аудандық партия-совет активінің белсенділік, іскерлік жұмысының арқасында Аманкелді ауданы бүкіл облысымызда жақсы



көрсеткіштерге жетті. Түсіпхан Бодамбаев облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болды.

Аудандық Совет атқару комитетінің төрағалығына Бәшір Шметов таңдалды. Сөйтіп, осы ауданның өз кадрды бірінші аудан басшысы болды. Сол жылы ол «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды. Бұл аудан үшін ерекше көзге түсерлік оқиға болды, өйткені 1928 жылдан 1957 жылға дейін жергілікті кадрдан ешкім мұндай қызметке жетпеген көрінеді. Сонымен қатар әкеміз Крупская атындағы совхоздың алғашқы директоры болды.

Әкеміз партия комитетінің мүшелігіне, облыстық кеңестің депутаттығына бірнеше рет сайланған.

*Ғабит ШМЕТОВ,
майдангердің ұлы.*

Шметов Бәшір

1923 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Шыңсай елді-мекенінде дүниеге келген. Аманкелді орта мектебінде оқыған. 1942 жылы әскерге шақырылып, 375-атқыштар дивизиясы құрамында Воронеж қаласының маңайындағы ұрысқа қатысады. Кейін Прибалтика майданындағы 75-гвардиялық атқыштар дивизия құрамына ауысып, Балтық жағалауы үшін болған ұрыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Осы ұрыстардың бірінде ауыр жараланып, Иваново қаласындағы госпитальда 4 ай емделіп, қайтадан майданға аттанады. 1944-1947 жылдары Литваның Шауляй қаласында неміс басқыншыларының қалдықтарымен күресу үшін әскери қызметте болған. Шығыс Пруссияға жақындап, Неман

өзенінен өтер кездегі ұрыста екінші рет жараланып, госпитальда емделіп, елге оралады. Әскери атағы аға лейтенант. Соғыстағы ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Елге келген соң ауданның ақша бөлімінде, аупартком нұсқаушысы, 1 Май МТС-нің партком хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, Н.Крупская атындағы совхоздың директоры болып жұмыстар атқарған. Кейін зейнеткерлікке шыққанша аудандық әлеуметтік мекемесінің бастығы болған. 1957 жылы еңбегі бағаланып «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Қарт жауынгер 1986 жылы қайтыс болған.



